# СИҚЫРҒА ТОЛЫ ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМ

**Виртуалды кітап көрмесі**

# Кітаптар шеруі





# Қымбатты ата-аналар мен балалар!



Тамаша ертекші Уолт Диснейдің есімі елге мәлім. Оның таңқаларлық мультфильмдерінде романтика мен ерлік, жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, әдемі әзіл мен жан жылуы қатар өріліп, елітіп әкетеді. «Алтын классика» сериялық кітаптар тамаша оқиғалармен қоса көркем суреттерімен де көздің жауын алады. Кішкентай оқырмандар өздерінің сүйікті қаһармандарымен бірге сиқырлы әлемге тап болып, таңғажайып құпияларды ашады.




84.2-442
А 37

Ақшақар [Мәтін] : алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.

Уолт Диснейдің ертегілер әлеміне қош келдіңіздер! Ертегілер әлеміне барғыларыңыз келе ме? Олай болса Ақшақармен ғажайып орманға баралық, онда Ақшақар қандай күтпеген оқиғаларға тап болатынын көрелік. Айнадан Ақшақардың әлемдегі ең сұлу қыз болғанын білген өгей анасы сүйкімді өгей қызын өлтіруді ойластырады. Ну орманда байғұс қыз өлмей керісінше нағыз достарын, керемет жеті гномдарды кездестіреді. Олар: Профессор, Ворчун, Весельчак, Скромник, Чихоня, Соня және Молчун…






Әсем безендірілген мына бір кітап бұғының лағы ханзада Бемби туралы. Кішкентай Бемби өте қызық құмар. Ол өзінің жақын достары көжек Топотунмен және Гүлмен күнде орман өмірі туралы жаңалықтарды біледі. Күз бен қыс өтіп бала Бемби әкесі «Ұлы орман ханы» сияқты ұлы бұғыға айналады. Бембиді қандай қызықты оқиғалар күтіп тұр? Кітапты тезірек ашып оқы, сонда білесің!

84.2-442
Б42
Бемби [Мәтін] : алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.






84.2-442
А39
Аладдин [Мәтін] : алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. – 80 б.: сурет.

Ертеде алыс Шығыс елдерінің бірінде Аладдин деген бозбала өмір сүреді. Сиқырлы үңгірге тап болған бозбала тілектерді орындайтын Жын өмір сүріп жатқан шамды тауып алады. Жын Аладдинге ханшайымның жүрегін жаулауға және ұлы сиқыршымен күресуге көмектеседі. Көптеген қызықты да қауіпті оқиғалардан кейін бозбала батылдық, махаббат және достық сиқырдан да күшті тылсым күш екеніне көз жеткізеді.






84.2-442
Ж 91

101 далматин [Мәтін]: алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.

Лондон қаласының шетіндегі шағын үйде Понго мен Перита және олардың он бес күшіктері бақытты өмір сүріп жатты. Ата-аналары күшіктерімен мақтанатын. Бір күні зұлым әйел кішкентай далматиндерді ұрлап, олардан өзіне ала тон тігіп киюді ойлайды. Понго мен Перита және басқа да қала иттері күшіктерді құтқаруға аттанады. Олардың жолдары ұзақ және қауіпке толы болды. Бірақ, ата-ананың балаларына деген махаббаты ғажайыпқа жетелейді.







Ертегілер орманында адал достар: қонжық Винни, торай Хрюня, есек Ушастик, ақылды үкі және көптеген көңілді жануарлар өмір сүріп жатты. Олар күніге ғажайыптарға тап болады, әр минут сайын оларды қызықты оқиғалар күтіп тұрды. Ал қиындыққа тап болғанда, олар берік достықтарының арқасында әрқашан жеңіп шығады. Кітапты тезірек қолыңа ал да, осы бір көңілді топқа қосыл!

84.2-442
В46
**Винни және оның достары [Мәтін]: алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. – 80 б.: сурет.**






84.2-442
К94

Күнкей қыз [Мәтін]: алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.

Бұл ғажайып кітап керемет анимациялық Disney-дің киносы желісімен жарық көрген.

Бұл кітап бізді өгей шешесі және әпкелерімен бірге тұратын Күнкей есімді қыздың өмірі туралы ертегі әлеміне алып барады. Ол үй шаруасында өте көп жұмыстар атқарады, бірақ Күнкей қыз еш уақытта мұңаймайды, өйткені ол мейірімділік пен қайырымдылықтың сыйы болатынына сенеді. Патша отбасы ұйымдастырған балға Күнкей қыз бара ала ма? Күнкей қыздың ханзаданы кездестірсем деген арманы орындала ма? Тезірек кітапты аш, білетін боласың?






Су перісі Ариель теңіз патшасының қызы әрқашан да адамдар өмірін қызықтайтын. Бірде қатты боранда суға батып бара жатқан ханзаданы құтқарып, оған ғашық болып қалады. Ханзаданы тағы көргісі келген қыз теңіз мыстанынан көмек сұрайды. Зұлым мыстан су перісінің сезімін пайдаланып, су асты патшалығының билігін тартып алғысы келеді. Қалай ойлайсыздар зұлымдық жеңе ме, әлде шынайы махаббат па?

84.2-442
С85

Су перісі [Мәтін] : алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. – 64 б.: сурет.




Бастауыш сынып оқушыларына Disney-дің мультфилімінің желісі бойынша жазылған Жыңғылдар кітабы ұсынылады.

Бірде Индияның джунгли орманында Багира атты қара пантера өзенде батып бара жатқан қайықты көреді. Қайықтан кішкентай адамның баласын байқайды. Ол баланы құтқарып, қасқырлардың үйіріне әкеліп береді. Онда қасқырлардың басшысы балаға Маугли деп ат қояды. Баланы әрі қарай қандай қызықты оқиғалар күтіп тұр? Кітапты тезірек аш та оқы, білетін боласың!

84.2-442
Ж92

Жыңғылдар кітабы [Мәтін]: алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.






84.2-442
С 89

**Сұлу және Құбыжық [Мәтін]: алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 64 б.: сурет.**

Әкесін іздеп шыққан сұлу қыз Белль Құбыжықтың қамалына тап болады. Қыз қорқынышты құбыжықтың дуаланған ханзада екенін білмейді. Сиқыршының ханзадаға жасаған дуасы тек адал, ыстық және де шын махаббаттың көмегімен ғана жойылады. Тезірек кітапты оқып оқиғаның қалай өрбегенін біліңдер!






84.2-442
П28

Пиноккио [Мәтін] : алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.

Бұл ертегінің басты кейіпкері ағаш адам Пиноккио. Пиноккио өзін жақсы ұстағысы келеді, бірақ қолапайсыздығының кесірінен әр түрлі оқиғаларға тап болады. Ол өтірік айта бастаса болғаны, оның мұрны ұзын бола түседі. Білімқұмар және қызық құмар ағаш адам нағыз адамға айналады. Оның қалай болғанын сендер кітап оқу арқылы білетін боласыңдар.






Муфаса атты арыстан патшасының көптен күткен мұрагері Симба дүниеге келеді. Барлық саванналық жануарлар жаңа ханзаданың алдында бас иеді. Муфасаның ағасы ғана көңілсіз, ол ханзаданың орнына патша болғысы келіп, оны құртудың жоспарын құра бастайды. Көп жылдар өткесін Симба барлығына шындықты айтып әкесінің орнын қайтарып алуға өз үйіне оралады

84.2-442
А86

Арыстан патша [Мәтін] : алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.




84.2-442
Ұ 29

**Ұйқыдағы сұлу [Мәтін] : алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.**

**Аврора ханшайым өмірге келісімен зұлым сиқыршы сәуегейлік жасайды. Он алты жасқа жаңа келген ханшайым саусағын ұршықпен жаралап өліп кетеді. Үш мейірімді періштелер дуаны жеңілдетіп, Аврораны ұзақ уақытқа ұйықтатады. Ұйқыдағы аруды кім оятады және бүкіл патшалықты қайтарады?**






84.2-442
К67

**Көліктер [Мәтін] : алтын классика Disney. - М.: Эгмонт Россия, 2013. - 80 б.: сурет.**

**Батыл жарысушы Найзағай Маккуин әлем кубоғы Гран-приді алуға аз қалған еді. Бірақ жарыс алаңында түсініксіз жағдай орын алады, машиналар бірінен соң бірі жарыла бастайды. Бұл оқиғаның артында кім тұр? Жұмбақты шешуге ағылшынның құпия тыңшысы Финн Макмисл кіріседі. Оны көмекке Найзағайдың көмекшісі – сүйреуші Мэтр шақырады. Зұлымдарды тоқтатуға адал достар үлгере ала ма?**

Қуан кітап қуанатын күн бүгін,
Серпіп таста мұңды жүрек түндігін
Кел, оқырман, тойын тойла кітаптың
Шаттанатын мерекелі күн бүгін!

Тараз қаласы,
«Жайлау» мөлтекауданы
5 үй,  37 пәтер.
Біздің телефон: 8(7262)346-347.
Ғани Мұратбаев
кітапханасының
балалар бөлімі